

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**Шымкент университеті**

**«Қазақстан тарихы, қоғамдық пәндер және география» кафедрасы**

**МІНДЕТТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ**

<b>Мамандық атауы:</b>	Тарих
<b>Мамандық шифры:</b>	5В011400
<b>Дайындау бағыты:</b>	Білім
<b>Берілетін дәреже:</b>	Тарих мамандығы бойынша Білім бакалавры

**5B011400 - Тарих мамандығы бойынша  
міндетті пәндер каталогы**

Пәндер циклдарының қысқаша аталуы	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің аталуы	Кредит көлемі және сағат саны
1	2	3
<b>ЖБП</b>	<b>Жалпы білім беру пәндері</b>	<b>28 (1260)</b>
МК	Міндетті компонент	21 (945)
KKZT 1101/ SIK 1101	<p><b>Қазақстанның қазіргі заман тарихы</b>  <b>Пререквизит:</b> жоқ  <b>Постреквизит:</b> Философия, Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Қазақстан Республикасының көп ұлтты және көп дінді кеңістігінде ең қажетті отансүйгіштік, азаматтық, төзімділік секілді ұстанымдар негізінде оң бағыттағы коммуникативті дағдыларды қалыптастыру.  <b>Мазмұны:</b>                      XXғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан. Кеңестер билігі тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар). Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Өлкедегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945жж. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық экономикалық жағдайы. 1970-1980 жж. Қазақстан Ғылыми-техникалық прогрестің өндірісіне енгізіле бастауы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және дағдарыстың өршуі. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында. Қазақстан Республикасының жариялануы. Қазақстан – тәуелсіз егеменді мемлекет. Саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар. ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Жаңа сайлау жүйесінің қабылдануы.</p>	3 (135)
Fil 2102	<p><b>Философия</b>  <b>Пререквизит:</b> Қазақстанның қазіргі заман тарихы  <b>Постреквизит:</b> Өзін-өзі тану  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Философия тарихындағы өзіндік орны бар ойшыл-философтардың адам, қоғам, болмыс, дін, т.б. өмірлік өзектілігі бар мәселелерді білу. Адам ақылының мүмкіндігін кеңейтіп, танымның барлық тәсілдерін тиімді пайдалануға бағдар жасай білу. Философия тарихындағы өзіндік орны бар ойшыл-философтардың адам, қоғам, болмыс, дін, т.б. өмірлік өзектілігі бар мәселелерді студенттің санасына жеткізіп, өзіндік пікірін қалыптастыру. Адам ақылының мүмкіндігін кеңейтіп, танымның барлық тәсілдерін тиімді пайдалана білу.  <b>Мазмұны:</b>                      Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени – тарихи контекстегі философия. Мәдениет контекстіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы.</p>	3 (135)

	<p>Антика мәдениетіндегі философия. Ортағасырлық мәдениеттегі философия фонемі. Ислам мәдениеті аясындағы арап-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін фонемі. Қайта өрлеу және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ. ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы.</p> <p>Диалектика теориясының мәселелері. Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	
Қ(О)Т 1103	<p><b>Қазақ (орыс) тілі</b> <b>Пререквизит:</b> жоқ <b>Постреквизит:</b> Кәсіби қазақ (орыс) тілі <b>Күтілетін нәтиже:</b> коммуникативтік әдісті басшылыққа ала отырып, заманауи еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, тілдік біліктілігі жоғары, өмірдің барлық салаларына еркін араласып, мемлекеттік тілде жазбаша және ауызша ой - пікірін еркін білдіре алатын тілдік тұлға қалыптасу қажет <b>Мазмұны:</b> Жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды олардысөз қолданыстағы деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандығы бойынша лексикалық және терминологиялық минимумдарды меңгеру. Әңгімелесу, мазмұндау, хабарлау сынды түрлі тілдік қызметтер жүйесін құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функционалды көріністе дұрыс қолдана білу. Әртүрлі сөйлеу қызметі түрлерінде (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өзекті, бейімделген және өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, диалог мен монологтарды ауызша және жазбаша түрде тақырып бойынша өңдеу. Кәсіби оқу тілін дамыту: а) оқудың тыңдаудың дағдылары мен қалпын қалыптастыру, әдебиеттерді мамандығы бойынша конспектілей білу; б) оқулықтар мен дәрістерге жақын, сәйкес келетін ғылыми оқу мәтіндерінің түрлерін, кәсіби оқу тақырыптары бойынша диалогтар мен монологтар құра білу; в) айтылымның негізгі құрылымдық – мағыналық түрлерін: монолог – сипаттау, монолог – мазмұндау, монолог – талқылу, диалог – әңгіме, диалог – сұхбат түрлерін жеделдетіп (интенсивті) оқыту.</p>	6 (270)
ShT 1104	<p><b>Шет тілі</b> <b>Пререквизит:</b> жоқ <b>Постреквизит:</b> Кәсіби бағытталған шет тілі <b>Күтілетін нәтиже:</b> Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару.</p>	6 (270)

	<p>Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.</p> <p><b>Мазмұны</b> Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық – интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық – әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері; көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптары - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік, предлог; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері.</p>	
АКТ 1105	<p><b>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)</b> <b>Пререквизит: Шетел тілі</b> <b>Постреквизит: Кәсіби бағытталған шетел тілі</b> <b>Күтілетін нәтиже:</b> Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар теориялық негіздерін, оқу мақсатында пайдаланатын компьютерлік программаларды, білім берудегі АКТ құралдарын жасаудың негізгі бағыттары мен әдістерін білуі тиіс <b>Мазмұны:</b> Қоғамды ақпараттандырудың білім беру жүйесіндегі орны. Оның негізгі факторлары. Білім беруді ақпараттандырудың негізгі пререквизиттері. Мектептегі АКТ құралдарының дамуы, сабақтарда қолдануы. Компьютерлік құрылғылардың оқу үрдісінде қолдануы. Қомпьютер құрылымымен танысу. Проектормен жұмыс. Видеокамерамен жұмыс қолдану. Проекторды қосу компьютермен тайланыстыру. Интерактивті тақта құралы. Интерактивті тақта арқылы сабақ беруді ұйымдастыру. Мультимедия мүмкіндіктері</p>	3 (135)
ТК 1.2	Таңдауы бойынша компонент	7 (315)
<b>БП 2</b>	<b>Базалық пәндер</b>	<b>69 (2880)</b>
МК 2.1	Міндетті компонент	20 (900)
OFD 1201	<p><b>Оқушылардың физиологиялық дамуы</b> <b>Пререквизит:</b> жалпы биология, эмбриология, адам анатомиясы мен жануарлар физиологиясы, химия, физика, цитология және гистология, генетика негіздері. <b>Постреквизит:</b> педагогика, психология, адам мен жануарлар физиологиясы, экология, социология. <b>Күтілетін нәтиже:</b> <b>Мазмұны:</b> Жас физиологиясы мен мектеп гигиенасы – педагогикалық ғылымдар жүйесінің құрамдас бөлімдері. Балалар мен жасөспірімдердің өсуі мен дамуының жалпы заңдылықтары. Жүйке жүйесінің физиологиясы гигиенасы және жас ерекшеліктері. Жоғары жүйке әрекеті, оның баланың өсіп-дамуы барысында қалыптасуы. Сенсорлық жүйелердің физиологиясы және гигиенасы. Ішкі секрециялық бездер физиологиясы, балалар мен жасөспірімдердің жыныстық жетілуінің қазіргі кезеңдегі ерекшеліктері және жыныстық тәрбие. Тірек-қимыл жүйесінің жас ерекшеліктері мен гигиенасы. Ас қорыту мүшелерінің жас ерекшеліктері. Зат пен энергия алмасуы. Тағам гигиенасы. Қанның қан айналу, тыныс алу және сыртқа шығару жүйелерінің жас ерекшеліктері. Оқыту мен тәрбиелеу жағдайларының оқушылар денсаулығына әсері. Мектептің ғимараты мен оқу бөлмелеріне, ауа</p>	2 (90)

	<p>ортасына, жарықтандырылуына және құрал-жабдықтарына қойылатын гигиеналық талаптар. Балалар мен жасөспірімдерде саламатты өмір салтын қалыптастыру негіздері.</p>	
<p>Ped 2202</p>	<p><b>Педагогика</b>  <b>Пререквизит:</b> Қазақстан тарихы, психология және адамның дамуы, әлеуметтану, педагогикалық мамандыққа кіріспе.  <b>Постреквизит:</b> этнопедагогика, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, оқыту әдістемесі.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Педагогикалық кәсіптің қалыптасуын және ғылыми-педагогикалық білімдер саласындағы курсының маңыздылығын, рөлін ашып көрсету  Мазмұны:  Адамзат тарихында білім берудің, мектептің және педагогикалық ой-пікірлердің дамуы. Педагогика тарихы мен білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Адамзат дамуының ерте кезеңінде тәрбиені ұйымдастыру формаларының туындауы. Ежелгі әлем. Ежелгі Шығыс және Көшпенді өркениет мемлекеттеріндегі тәрбие мен оқыту. Антикалық дәуірдегі білім берудің ерекшеліктері.  Орта ғасыр дәуірі. Византиядағы педагогикалық ой-пікірдің дамуын оқыту. Орта ғасырда Индия мен Қытайдағы оқыту мен тәрбие.  Таяу Шығыста, Орта Азиялық Ренессанс және Алтын Орда дәуірінде білім беру мен педагогикалық идеялардың дамуы (VI-XV ғ.ғ.) Европа мен Америка елдері тарихындағы білім беру, мектеп және педагогикалық ой-пікірлер. Ресей тарихындағы ағартушылық пен мектептің дамуы. Кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесі мен педагогика ғылымы. Қазақстан тарихында мектептің, тәрбие мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы (XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы кезеңі). Қазақстандағы XIX-XX ғ.ғ. білім беру мен педагогика ғылымы. Ғасырлар тоғысындағы білім беру жүйесі.  Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогика адам тәрбиесі туралы ғылым ретінде. Жеке тұлғаны дамытуға, қалыптастыруға, тәрбиелеуге, әсер ететін факторларға сипаттама және олардың әр түрлі жастағы топтарда көрінуі. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті – оқу – тәрбие үдерісі нәтижелілігінің шарты. Тұтас педагогикалық теориясы мен практикасы. Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні және құрылымы, оның заңдары мен заңдылықтары. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі. Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны. Тәрбие үдерісінің формалары мен әдістері, құралдарының жүйесі. Балалар ұжымы – тәрбиенің объектісі және субъектісі. Сынып жетекшісі – сыныптың тәрбиелік жүйенің ұйымдастырушы. Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымындағы оқыту. Қазіргі мектептегі білім мазмұны. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары. Оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және тестілеу. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендіру. Білім берудегі инновациялық үдерістер және мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық технологиялар.  Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару. Тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару, мектеп шеңберінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау және жоспарлау. ҚР- да 12 жылдық орта білім беру моделіне көшу жағдайындағы білім беруді басқарудың жаңа тәсілдері.</p>	<p>3 (135)</p>

Psi 2203	<p><b>Психология</b>  <b>Пререквизит:</b> философия, орталық жүйке жүйесі және жоғары жүйке жүйесінің іс-әрекетінің физиологиясы, социология.  <b>Постреквизит:</b> әлеуметтік психология, педагогикалық психология, психология тарихы.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> Бакалавриатты оқу барысында танымдық психикалық процестер түйсәну, қабылдау, зейін, ес, ойлау және сөз жайлы әлемдік және отандық психологиядағы жаңа қазіргі психологиялық концепциялардың әдістемесінің қазіргі мәселелері бойынша негізгі білімдерді меңгеруі қажет  <b>Мазмұны:</b>  Жалпы психологияның әдіснамалық принциптері. Психика мен сананың пайда болуы мен дамуы. Сана және бейсаналық. Іс-әрекет психологиясы. Психологиядағы тұлға мәселесі. Қарым-қатынас пен топтар психологиясы. Танымдық үрдістер психологиясы. Психикалық күйлер. Психикалық қасиеттер. Даму психологиясының пәні, міндеттері және әдістері. Жас мәселесі және психикалық дамудың заңдылықтары. Психикалық дамудың жас ерекшелік кезеңдері Мектепке дейінгі жастағы психикалық даму. Бастауыш мектептегі, жеткіншек және жеткіншектік жастағы психикалық даму ерекшеліктері. Кемел жас және кәрілік шақ психологиясы.</p>	3 (135)
BM 2204	<p><b>Білім берудегі менеджмент</b>  <b>Пререквизит:</b> Экономикалық теория негіздері, құқық негіздері  <b>Постреквизит:</b> педагогикалық тәжірибе  <b>Күтілетін нәтиже:</b> кәсіпкерлік қызмет түрлері және оны ұйымдастыру әдістерінің білу, формаларының жіктелуін; - кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі маркетингтің ролін түсіну; бизнес-жоспарды түзу және техника-экономикалық негіздеуді; - педагогикалық менеджменттің маңызы, оның кәсіби білім беру жүйесіндегі ролі мен орнын білу  <b>Мазмұны:</b>  Білім берудегі менеджмент – бұл қағидалардың, әдістердің, ұйымдастырылған формалардың, технологиялық әдіс жинақтарының қызметін көтеруге және дамытуға бағытталған педагогикалық жүйелерді басқару.  Өз еңбегін, интелектісін және басқа да адамдардың тәртібін пайдаланып жетекішінің қойылған мақсатқа жете білуі.</p>	2 (90)
BOT 2205	<p><b>Бағалаудың өлшемдік технологиялары</b>  <b>Пререквизит:</b> Педагогика  <b>Постреквизит:</b> Педагогикалық тәжірибе  <b>Күтілетін нәтиже:</b>  <i>Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:</i>  Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;  Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;  Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;  <b>Мазмұны:</b> Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.  Критериалдық бағалау - бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін оқушылардың оқу-танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын айқын анықталған, ұжыммен шығарылған білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген</p>	2 (90)

	<p>процесс.</p> <p><i>Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:</i> Мектепте оқыту сапасын жоғарылату; Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.</p> <p><i>Критериалды бағалаудың міндеттері:</i> Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға; Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті; Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға; Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарын айқындауға; Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзін жеткізуге; Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға; Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата-ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге</p> <p><i>Критериалды бағалаудың маңызы:</i> <i>Мұғалімдер үшін:</i> Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға; Өз іс-әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға; Сабақ берудің сапасын арттыруға; Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға; Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге</p> <p><i>Оқушылар үшін:</i> Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға; Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге; Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге; Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге;</p> <p><i>Ата-аналар үшін:</i> Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға; Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға; Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.</p> <p><b>Критерийдің мазмұны:</b> Бағалау критерийлері - оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама). Дескриптор - жетістік деңгейінің сипаттамасы.</p>	
<p>КК(О)Т 3206</p>	<p><b>Кәсіби қазақ (орыс) тілі</b> <b>Пререквизит:</b> Археология, Ежелгі Дүние тарихы, Ежелгі Қазақстан тарихы. <b>Постреквизит:</b> Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы. <b>Күтілетін нәтиже:</b> мәтіндегі негізгі ойды тауып, ақпаратты түсіне; белгілі бір тақырып бойынша (іскерлік, әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени саладағы) жағдаяттардағы ойды толықтыра; кәсіби салаға байланысты мәліметтерге өз көзқарасын қоса; ресми іс қағаздарын толтырып, қызметтік хат жазу мәдениетін игере; ұсынылған материалдар бойынша сипаттама, шолу, талдау, салыстырма, қорытынды жасай; кәсіби-іскерлік қарым-қатынаста жиі қолданылатын сөйлеу модельдерін қолдана білуі керек <b>Мазмұны:</b> «Кәсіби қазақ тілі» пәнінің негізгі мақсаты, мазмұны және пәндік</p>	<p>2 (90)</p>

	<p>жаттығулар. Тарихи мәтіндерді аудару техникасы. «Дүние жүзі тарихының» негізгі бөлімдері. «Қазақстан тарихы» негізгі бөлімдері. Кәсіби қарым-қатынаста туындайтын түрлі міндеттерді шешу үшін коммуникативті-тілдік құрылымды қолдану. Коммуникативті-тілдік құрылымды бірнеше коммуникативті тапсырмаларды орындауды оқыту.</p> <p>Ғылыми-кәсіби сөйлеуді дамыту: ғылыми-кәсіби сөйлеуде белсенді, жалпылама, көлемді біліктілігі мен дағдысын қалыптастыру.</p>	
KBSHt 3207	<p><b>Кәсіби бағытталған шетел тілі</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Археология, Ежелгі Дүние тарихы, Ежелгі Қазақстан тарихы.</p> <p><b>Постреквизит:</b> Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Европа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы.</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Коммуникативтік-мәдениетаралық біліктілік әрі қарай дамыта білу. Коммуникативтік іскерлікті қалыптастырумен қатар, басқа мәдениет әлемін түсінумен, мағыналық бағдарламаларын танумен, қарым-қатынастағы екімәдениет ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көре білумен және оларды мәдениетаралық қарым-қатынас арқылы студенттердің елтанушылық ой-өрісін кеңейту. Коммуникативтік біліктілікті арттыратын, мәтінде жиі қолданылатын грамматикалық құрылымдарды дамыта білу;</p> <p><b>Мазмұны:</b></p> <p>«Кәсіби шетел тілі» пәнінің негізгі мақсаты, мазмұны және пәндік жаттығулар. Тарихи мәтіндерді аудару техникасы. «Дүние жүзі тарихының» негізгі бөлімдері. «Қазақстан тарихы» негізгі бөлімдері. Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог и диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттаржазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау.</p>	2 (90)
IBB 3208	<p><b>Инклюзивті білім беру</b></p> <p><b>Пререквизит:</b> Педагогика, Психология, Оқушылардың физиологиялық дамуы</p> <p><b>Постреквизит:</b> педагогикалық практика</p> <p><b>Күтілетін нәтиже:</b> Балалардың жынысына, жас ерекшеліктеріне, географиялық тұратын жеріне, қимыл-қозғалыстық және ақыл-есінің жағдайына, әлеуметтік-экономикалық жағдайына қарамастан сапалы білім алу және өздерінің потенциалдық дамыту мүмкіндігіне ие болу.</p> <p><b>Мазмұны:</b> Инклюзивті оқыту- оқушылардың тең құқығын анықтайды және ұжым іс-әрекетіне қатысуға, адамдармен қарым-қатынасына қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту арқылы барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеріп, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісін дамытуға болады. Мұндай оқыту түрі арнаулы білім беру жүйесінде дәстүрлі түрде қалыптасқан және даму үстіндегі формаларды ығыстырмайды, қайта жақындатады. Инклюзивті бағыт арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады. Осы бағытты білім беру жүйесіне енгізу арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, қайырымдылыққа тәрбиелей аламыз. Сонымен қоса, инклюзивті</p>	2(90)



	оқыту үрдісі балаларды толеранттылыққа тәрбиелеудің бастауы болмақ.	
TZhTA 2209	<p><b>Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі</b>  <b>Пререквизит:</b> Педагогика, Психология, Өзін-өзі тану.  <b>Постреквизит:</b> педагогикалық практика.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> студенттің қоғам үшін саналы, белсенді, іскер азаматты қалыптастыру және жеке адам үшін оны өмір сүре білуге, өзін қоршаған ортамен қарым қатынас жасай білуі.  <b>Мазмұны:</b>  Тәрбие үдерісі – тұтас педагогикалық үдерістің құрамды бөлігі. Мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесі. Қазіргі мектептің тәрбие жұмысы үдерісіндегі педагогикалық қолдау. Тәрбие технологиясы – тәрбие жұмысындағы кәсіптік шеберліктің элементі. Мектепте, сыныпта тәрбие жұмыстарын жоспарлау. Сынып жетекшісінің тәрбиелік іс-әрекетінің жүйесі. Оқушылар ұжымын қалыптастырудағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері. Сынып жетекшісінің қиын балалармен жұмыстарының жүйесі. Дарынды балалармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының жүйесі. Оқушылардың денсаулық пен салауатты өмір салтына құндылық қатынасын қалыптастырудағы сынып жетекшісінің іс-әрекеті. Оқушылардың ата-аналарымен педагогикалық әрекеттестік технологиясы. Балалар мен жастардың ынтасын дамытудағы тәрбие жұмыстары. Тәрбие жұмыстарының нәтижесі мен тиімділігінің диагностикасы. Тәрбие үдерісін ғылыми-әдістемелік қамтамасыздандыру.</p>	2(90)
ТҚ 2.2	Таңдау компоненті	49 (2205)
<b>КП 3</b>	<b>Кәсіптендіру пәндері</b>	<b>32 (1440)</b>
МК 3.1	Міндетті компонент	5 (225)
ТОА 3301	<p><b>Тарихты оқыту әдістемесі</b>  <b>Пререквизит:</b> Педагогика, Психология, Өзін-өзі тану, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі.  <b>Постреквизит:</b> педагогикалық практика  <b>Күтілетін нәтиже:</b> «Тарихты оқыту әдістемесі» курсының кезеңдерін, Қазақстанның географиялық кеңістікте алатын орнын, Қазақстанның қазіргі заман тарихының әлеуметтік-мәдени және шаруашылық-экономикалық даму ерекшеліктерін, тарихи даму үрдісін ғылыми негізде түсіндіре білу.  <b>Мазмұны:</b> Оқыту әдістемесінің теориялық-әдістемелік негіздері. Қазіргі кезеңдегі мектептегі тәрбие ролі. Мектеп бағдарламалары. Тарих пәнінің мемлекеттік стандарты. Тарихты оқытудың әдістері мен тәсілдері. Тарихтан оқу комплекстері. Тарихты оқытудың әдістері мен тәсілдері. Оқыту әдістерін жіктеу. Тарихты оқытудағы көрнекіліктер. Сабақтардың типтері және оларды жіктеу. Оқытудың модульдік технологиялары. Оқытудың жаңа технологиялары және білімді бақылау.</p>	3 (135)
ТНТ 2302	<p><b>Түркі халықтарының тарихы</b>  <b>Пререквизит:</b> Алғашқы қауымдық қоғам тарихы.  <b>Постреквизит:</b> Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы, Қазақстанның жаңа заман тарихы, Орта ғасырлардағы Азия және Африка елдерінің тарихы, Азия және Африка елдерінің жаңа заман тарихы, Азия және Африка елдерінің қазіргі заман тарихы.  <b>Күтілетін нәтиже:</b> түркі халықтарының тарихына қатысты фактілік және теориялық мәселелер кешенімен таныс болу, олардың тарихи ғылыми дүниетанымын, танымдық қабілеттері мен тарихи мәліметтермен тәжірибелік жұмыс жасау дағдыларының болуы,</p>	2 (90)

	Отан сүйгіштік сезімдерін қалыптасуы. <b>Мазмұны:</b> Түркі елдерінің этногенезі. Қытай, орыс, араб, еуропалық және басқа деректердегі Түркілер. Ғұндар және халықтардың Ұлы қоныс аударуы. Ғұн державасы және Рим империясы. Орталық Еуропадағы Авар қағанаты. Ерте ортағасыр кезеңіндегі түркілер. Көрші елдермен қарым-қатынастарының ерекшелігі. Қытай және Түркі қағанаты. Эфталиттер. Түркілердің Батысқа таралуы. Қазақстан территориясындағы Түркі мемлекеттері. Хазар қағанаты. Былғарлар. Печенегтер. Оғыздар. Ұйғыр қағанаты. Закавказиядағы қыпшақтар. Еуропадағы түркілер. Түркі елдері және Монғол үстемдігі кезеңіндегі мемлекет. Селжүк мемлекеті. Осман империясы. Сібірдегі түркі халықтары. Жаңа және қазіргі замандағы Еуразиядағы түркі елдері. Саясат, қазіргі Түркиядағы саясат және мәдениет. Түркі елдерінің бірігу проблемасы және туранизм идеясы. Түркі елдерінің мәдениеті. Түркі елдерінің тарихының Қазақстанда және шетелдерде зерттелуі	
ТК 3.2	Таңдау компоненті	27 (1215)
	<b>Теориялық оқытудың барлығы:</b>	<b>129</b>
<b>ОҚТ</b>	<b>Оқытудың қосымша түрлері</b>	
МК	Міндетті компонент	14-тен кем емес
DSh1(2)401	<b>Дене шынықтыру</b> <b>Пререквизит: жоқ</b> <b>Постреквизит: жоқ</b> <b>Күтілетін нәтиже:</b> Дене шынықтырудың мағынасы мен мазмұнын, организмнің психофизикалық ерекшеліктерін, дене жағдайының диагностика критерийлерін білу. Дене қасиетімен қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктерін қолдана білу. <b>Мазмұны:</b> дене Денсаулық туралы түсінік, мәні, мазмұны, критерийлері, факторлары. Шынығу деңгейінің жағдайы мен көрсеткіштері. Заманауи сауықтыру жүйелерінің және құралдарының сипаттамасы. Дене шынықтыру бойынша кәсіп білім және практикалық дағды. Психореттейтін жаттығу.	<b>8</b>